

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің қамқоршылық кеңес
Хаттама №1 отырысы

09.09.2022 ж.

Жиналыс мақсаты: Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау, қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі
Мектеп басшысы : Шүйтенов С.
ДТІЖО: Берғалиева Ф.
Әлеуметтік педагог : Булекбаева Г.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту (өзгерген жағдайда)
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну
3. Мектепке жол акциясының өткізілуі,
4. 2022-2023 оқу жылының ЖБББ қорынан берілетін қаражат және тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы туралы ата-аналардың өтініштерін қарау

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ж.Алдабергенова білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмыстарын өткізді. Қамқоршылық кеңес өзгеріссіз қалды.

Жаңа оқу жылына арналған жоспарды талқылап, қамқоршылық кеңес мүшелері өз сұрақтарын ұсынды. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында ең бірінші оқушыларды үйірме спорт секцияларымен қамту, құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында рейд жұмыстарын ұйымдастыру, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету, бюджеттен бөлінген қаражаттың жұмсалуды іс-шараларды ұйымдастыру көмек көрсету мәселелері айтылды. Жұмыс жоспары құрылып бекітуге ұсынылды.

Тыңдалды: әлеуметтік педагог Г.Булекбаева

«Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, бірнеше демеушілер атсалысты. Оның біреуі қамқоршылық кеңес мүшесі Сандуғаш Нургалиевнаның ұйымдастыруымен Ақтөбе гарнизоны әскери полиция бөлімінің қызметкерлері екі оқушыны мектеп формасымен және мектеп құралдарымен қамтамасыз етті. Олар 6 «а» класс оқушысы Кульниязова Нұрай, 5 б класс оқушысы Салов Артем. Жалпы соммасы 60 000 теңге. Ақтөбе қаласы, астана ауданы әкімдігі 3 «а» класс оқушысы Бисен Асылжан мен 1 «ә» класс оқушысы Ауелбекұлы Врсланға әрқайсысына оқу құралдарға 10000 теңгеден ақшалай сертификаттар табысталды. Ақтөбе «Қазақстан Халық банкі» АҚ қызметкерлері атынан 1 класс пен 7 класс аралығындағы 5 оқушыға мектеп сөмкесімен оқу құралдарын сыйға тартты. Жалпы соммасы 50 000 теңге.

Тыңдалды: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес (қосымша 08.08.2020 ж. №544) негізінде төмендегі оқушылардың тұрмыстық жағдайын зерттеу актісіне сүйене отырып, жалпыға бірдей білім беру қорынан қаржылай және тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі Ауелбекұлы Арслан, Ауелбекұлы Қалқамансарин, Дүйсенбаев Ерқанат, Дүйсенбаева Динара, Дүйсенбаев Саламат, Нуримов Азамат, Исмаилова Маликаның мәселелері қаралды.

Қаулы:

1. ҚК құрамы өзгеріссіз қалдырылсын
2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспары бекітіліп, отырыс сұрақтары мерзімге сай орындалсын.
3. Көмекті қажет ететін оқушыларға мектепке жол акциясы арқылы көмек берілсін.
4. Аталған оқушыларға ЖБББ қорынан 2022-2023 оқу жылының 37389 теңге қаражатпен және ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

1. Кеңес төрайымы -  Ж.А.Алдабергенова
2. Кеңес төрайымының орынбасары -  Г.У.Карабаллина
3. Кеңес хатшысы -  Г.Г.Ақжүлова

Кеңес мүшелері:

4. Кеңес мүшесі:

5. Кеңес мүшесі:

6. Кеңес мүшесі:

7. Кеңес мүшесі:

8. Кеңес мүшесі:

9. Кеңес мүшесі:

Handwritten signatures and initials, including "Жамал" and "Аллаш".

А.Қаратаев

А.Чайкин

Р.Нұрбаев

Ж.Камбаров

А.Абдрахманов

С.Маймакова

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің қамқоршылық кеңес отырысы

Хаттама №2

09.11.2022 ж.

Жиналыс мақсаты: Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау, қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру.

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі
Мектеп басшысы : Шуйтенов С.
ДТЖО: Берғалиева Ф.
Әлеуметтік педагог :Булекбаева Г.

Күн тәртібінде:

- 1.Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау.
- 2.Қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру.
3. Бюджет тарапынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы мектеп директорының есебі.
4. Әлеуметтік қорғалмаған, білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету.

Тыңдалды: ДТЖО Ф.Берғалиева қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті туралы таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңестің мақсаты: білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық – техникалық базасының нығайтуына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты. Қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттарымен функцияларымен де таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің бағыттары: білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс – шараларға көмек көрсету. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен мен жұмыспен қамтылуын жақсарту. Білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу мен білім беру ұйымы басшылығының қамқорлық кеңесі алдындағы есебін тыңдап қабылдау керектігі туралы айтты.

Чайкин Анатолий қамқоршылық кеңес мүшесі **шығып сөйледі:** Сандуғаш Нургалиевнаның үнемі мектеппен байланыс жасап тұратындығын айтып, төрайымы ретінде сайлауға ұсыныс жасады. Қамқоршылық кеңес мүшелері бір ауыздан дауыс беріп, Барлығының ойы бір жерден шықты.

Шығып сөйледі: мектеп басшысы С.Шуйтенов кеңес құрамының жұмысын бастауына сәттілік тілей отырып, осы мүшелердің мектеппен үнемі тығыз байланыста болып мектептің нығайтуына өз үлестерін қосатынына сенім білдірді.

Тыңдалды: Мектеп басшысы С.Шуйтенов бюджет тарапынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы тоқталып өтті.

- Әр қабатқа оқушыларға арналған су бұрқақ яғни фонтанчиктер – 268 000 тг
- Асханаға электронды пеш – 584 640 тг.
- Ауа сорғыш выгечка – 264 000 тг.
- Парта 50 комплект - 1 332 800 тг.
- Үстел Теннисі - 102 045 тг., теннис ракеткалары 6 штук – 15 000 тг.
- 11 шт Футбол, волейболға арналған доптар - 77 278 тг.
- Дорожка кремлевская – 186 900 тг.
- Интерактивті панель - 1 379 900 тг. және тіреуіш құрылғы – 154 435 тг.
- **Жылу құбыры-2 656 400тг,**
- Спортзалға ағымдағы жөндеу жұмысы (отопление) - 1 108 800 тг.
- Ту - 48 200 тг.
- Флагшток - 39 799 тг.
- Цветной принтер – 99 904 тг.
- Телевизор – 148 000 тг.

Барлығы 8 466 101 теңге ақша жұмсалды.

Тыңдалды: әлеуметтік педагог Г.Булекбаева

Ақтөбе қаласы № 4 жалпы білім беретін орта мектебі 2022-2023 оқу жылы бойынша 495 оқушы білім алуда. Оның көпбалалы отбасыдан шыққан оқушылар саны 98, аз қамтылған отбасыдан шыққан оқушылар саны 22, толық емес отбасыдан шыққан оқушылар саны 81, өгей әке-

шешемен тұратын оқушылар саны 13, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар саны 3 және тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылар саны 20.

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН және демеушілер тарапынан көрсетілген көмектер.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысымен 08.08.2022 № 544 қосымшасына сәйкес тамыз айында 14 оқушы және қыркүйек айында 3 оқушы **ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН** 37389 теңгемен қамтамасыз етілді. Жалпы соммасы: 635613 теңге. Жалпы осы оқу жылында **ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН** және демеушілер тарапынан 30 оқушыға көмек берілді.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы болып Маймакова Сандуғаш Нургалиевна сайлансын.
2. Бюджеттен бөлінген қаражаттың жұмсалуды қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету, қайырымдылық акциялары жұмыстарын жүргізу алға қойылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

С.Маймакова

Н.Мырзалиева

А.Қаратаев

А.Чайкин

Л.Адильшинова

Ж.Камбаров

А.Абдрахманов

Г.Карабалина

Ж.Сальжанова

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің қамқоршылық кеңес отырысы

Хаттама №3

27.04.2023 ж.

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі
Мектеп басшысы : Шуйтенов С.
ДТДЖО: Берғалиева Ф.
Әлеуметтік педагог : Булекбаева Г.

Күн тәртібінде:

1. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету және дарынды оқушыларды зияткерлік, шығармашылық және спорт қызметінде қолдау
2. Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдердің есебі және демеуші тарту жұмыстары туралы
3. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталу және оқу үлгерімі

Тыңдалды: директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары А.Узақпаева сөз сөйледі. Мектебіміздің дарынды оқушыларын туралы айтып өтті. Мектептен тыс қалалық, облыстық, республикалық жарыстардан, байқаулардан, олимпиадалардан жүлделі орындарға ие болған оқушыларды дайындаған ұстаздар мен қолдау білдірген ата-аналарға алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған салатанатты шара өткізіліп, қамқоршылық кеңес мүшесі Ж.Сальжанова қатысты. Оқушыларды құттықтап, жоғары көрсеткіш көрсеткен ұстаздарды және оқушыларды марапаттап, мектеп басшысы ата-аналарды алғыс айту мерекесімен құттықтап, оқушыларымызға ұстаздарымен қатар берген қолдаулары үшін алғыс хаттармен марапаттады.

Жұмасұлу Жантлесовна қамқоршылық кеңес мүшесі шығып сөйледі: Жалпы мектеп бойынша өткізілген шараларға қатысып өзім куә болдым. Барлық шаралар балалардың, ата-аналардың және қамқоршылық кеңес мүшелерін мектеп әкімшілігі қалдырмайтынын айтып өтті.

Сонымен қатар мектеп басшысы алдағы уақытта оқу жылының аяғында «Дарындылар шеруін» өткізу жоспарланғанын айтты.

Екігіші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары өткізілген қайырымдылық шараларға тоқталды. Мектебіміздің азаматтық отбасыларына жаңа жыл мерекесіне демеушілерді тарту арқылы 40 балаға жаңа жылдық сыйлықтар алған болатынбыз. Сәуір айында жылдағы дәстүрге сәйкес ҚК мүшелерінің және демеушілерді тарту арқылы 500 000 теңге көлемінде 35 отбасыға көмек көрсетілген болатын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы Сандуғаш Нурғалиевна сөз алды. Бұл өткізілген шараға өзім бір отбасыға ақшалай сертификат табыстадым. ҚК мүшесі А.Абдрахманов мырза да өзі демеушілік танытып азық-түлік қораптарын табыстауға ақшалай көмек көрсетті. Жолдас Бөлекұлы да өзінің үлесін қосты. «Мейірім шуағы» еріктілер клубының оқушылары да үш отбасыға ақшалай сертификаттар табыстады деп өз сөзін аяқтады.

Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г.Булекбаева сөйледі.

2022-2023 оқу жылы Ақтөбе қаласы №4 жалпы білім беретін орта мектебінде 3 жетім оқушы білім алуда. Атап айтатын болсақ 3 «б» сынып оқушысы Калиева Ляззат. Қамқоршысы Калжанова Асем нағашы апасының қайтыс болуына байланысты өз қамқорлығына алған. Ата - анасынан қалған мүлік жоқ. Үй кезегіне тіркелген. Оқу үлгерімі жақсы.

6 «а» сынып оқушысы Серік Аяғоз. Қамқоршысы Турғанбаева Айсауле туған әжесі ата-анасының қайтыс болуына байланысты өз қамқорлығына алған. Ата - анасынан қалған мүліктің 25 пайызы Аяғозге тиісілі. Алайда 10.10.2022 үй кезегіне тіркелген. Оқу үлгерімі өте жақсы. Қоғамдық іс-шараларға белсене атсалысады.

9 «б» сынып оқушысы Балмағамбетова Дилназ ата-анасының қайтыс болуына байланысты нағашы апасы Куптлеуова Гульзаданың қамқорлығында. Ата-анасынан мүлік қалмаған. 14.07.2022 жылы үй кезегіне тіркелген. Оқу үлгерімі орташа.

6 айлық мерзімде жетім оқушылардың қамқоршыларынан тиісті анықтамалар жинақталып, Ақтөбе қаласы білім бөліміне тапсырылатынын атап өтті.

Қаулы:

1. Дарынды оқушыларды қолдау жұмыстары әрі қарай жүзеге асырылсын.
2. Қайырымдылық жұмыстары жалғастырылып, демеушілерді тарту іске асырылсын.
3. Әлеуметтік педагог жетім оқушыларды үнемі бақылауда ұстасын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

С.Маймакова

Н.Мырзалиева

А.Қаратаев

А.Чайкин

Л.Адильшинова

Ж.Камбаров

А.Абдрахманов

Г.Карабалина

Ж.Сальжанова

С.Маймакова
Н.Мырзалиева
А.Қаратаев
А.Чайкин
Л.Адильшинова
Ж.Камбаров
А.Абдрахманов
Г.Карабалина
Ж.Сальжанова

**Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің қамқоршылық кеңес
отырысы**

Хаттама №4

25.05.2023 ж.

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі
Мектеп басшысы : Шуйтенов С.
ДТДЖО: Берғалиева Ф.
Әлеуметтік педагог :Булекбаева Г.

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың жазғы демалысын және қала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру.
2. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция
3. ҚК жұмысының жүргізілуі

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г.Булекбаева сөз алды. Оқушылардың жазғы демалысын және қала сыртындағы лагерьге Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «24» сәуіріндегі №198 бұйрығы, 11 қосымша негізінде мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің қала сыртындағы лагерлерде демалуы үшін № 64 қаулы негізінде атаулы әлеуметтік көмек алатын 3 отбасыдан шыққан оқушының және 1 жетім баланың қамқоршысынан өтініші қабылданғаны айтылды. .

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне сәйкес ата – аналардан мәртебесін дәлелдейтін құжаттар жинақталып, қала сыртындағы 2022-2023 оқу жылында 4 оқушы қала сыртындағы лагерьге жіберіледі.

Ұсыныс: Жалпыға бірдей білім беру заңының орындалуын басшылыққа ала отырып, жеңілдетілген санаттағы оқушылардың жазғы демалыс уақытында демалуын қамтамасыз ету.

Мектеп аумағын көгалдандыру бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Сандуғаш Нургалиевна сөз алды. Мектеп ауласын абаттандыру жұмысы мектепте дұрыс жолға қойылған. Мектеп жанында жылыжай кешені құрылған. Сонымен қатар мектеп аумағында арнайы бау-бақша мен алма бағы орналасқан. Мектеп түлектері және ата-аналар жыл сайын дәстүрге айналған алма бағына 30 түп алма ағашын отырғызды. Мектеп ауласының алдыңғы бөлігіне шырайгүлдер, демеушілердің көмегімен 10 шырша отырғызылды.отырғызылды. Мектеп жанына көкөніс түрлері, құлпынайлар егілген деп өз сөзін аяқтады.

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңс төрағасы Сандуғаш Нургалиевна мектепте жүргізілген бірқатар шараларды атап өтті. Мектеп әкімшілігі ұйымдастырылған шаралардың барлығына үнемі бізді қатыстырып шақырып отырады.

Патриоттық және азаматтық құқықтық тәрбие өте жақсы жолға қойылған. Осы бағытта жүргізілген барлық іс шараға қонақ ретінде қатысып келдім.

Екінші дарынды оқушыларды қолдау, ата-аналармен жұмыстарда қамқоршылық кеңес мүшелері ардагер ұстаз Жұмасұлу Жантлесовна, «Ауыл партиясының ХДПП облыстық филиалының төраға орынбасары Гүлназым Умбеткалиевна үнемі белсенділік танытып шараларға қатысып өзіндік пікірін қосып отырды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері Асқарбек Абдрахманов, Жолдас Бөлекұлы қайырымдылық шараларға демеушілік танытып, демеушілерді тартуға зор үлесін қосты.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Абат Даулеткереевич және Лейла Амзеевнада өткізілген шараларға қатынасып, БАҚ өкілдеріне жариялау бойынша да өз үлестерін қосуда.

Жалпы жоспарға сәйкес барлық іс шаралар, отырыстар уақытында өткізілді. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің барлығына жұмыстарыңызды жақсы атқарғандарыңызға және қамқоршылық кеңес төрағасы ретінде сенім білдіргендеріңіз үшін ерекше алғысымды білдіремін деп өз сөзін аяқтады. Жалпы 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстар бойынша есеп берді.

Қаулы:

1. Жалпыға бірдей білім беру заңының орындалуын басшылыққа ала отырып, жеңілдетілген санаттағы оқушылардың жазғы демалыстары уақытында қамтамасыз етілсін.
2. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы қанағаттанарлық деп есептелінсін

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

С.Маймакова

Н.Мырзалиева

А.Қаратаев

А.Чайкин

Л.Адильшинова

Ж.Камбаров

А.Абдрахманов

Г.Карабалина

Ж.Сальжанова